БЕКІТІЛДІ
Байқау кеңесі отырысының хаттамасымен
«Алматы қаласының салттық қызметтер көрсетудің
арнаулы комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2026 жылғы «18» қыркүйек № 6

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже

Алматы қаласы — 2026 жыл

УТВЕРЖДЕНО
Протоколом заседания Наблюдательного совета
Товарищества с ограниченной ответственностью
«Специализированный комбинат ритуальных услуг города Алматы»
№ 6 от «18 » сентября 2026 года

Положение об антикоррупционной комплаенс-службе

город Алматы — 2026 год

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ
1.1. Осы «Алматы қаласының салттық қызметтер көрсетудің арнаулы комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 58-1-бабына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32211 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 10 тамыздағы № 143 бұйрығының редакциясындағы Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге (бұдан әрі – Үлгілік ереже) сәйкес әзірленді. 1.2. Серіктестік мынадай қатысушылармен құрылған: Қатысушы-1 – «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БИН 050440003582, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85) басшысы Тұрсынбаев Шархан Шаймерденұлының атынан, Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі № 3/626 қаулысымен бекітілген «Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» КММ туралы ереже негізінде әрекет етеді (бұдан әрі – Қатысушы-1); Қатысушы-2 – «ХОЗУ Ритуал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН 200940023677, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050002, Қайырбекова көшесі, 7 үй) директоры Аязов Әділет Серікқанұлының атынан, жарғы негізінде әрекет етеді (бұдан әрі – Қатысушы-2). Серіктестік жұмыскерлерінің жылдық орташа саны жүз адамнан асады. Үлгілік	1.1. Настоящее Положение об антикоррупционной комплаенс-службе Товарищества с ограниченной ответственностью «Специализированный комбинат ритуальных услуг города Алматы» (далее – Положение), разработано в соответствии с Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции», статьей 58-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» и Типовым положением об антикоррупционных комплаенс-службах в субъектах квазигосударственного сектора, утвержденным приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) от 31 марта 2023 года № 112 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 32211), в редакции приказа Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы от 10 августа 2026 года № 143 (далее – Типовое положение). 1.2. Товарищество создано следующими участниками: Участник-1 – коммунальное государственное учреждение «Управление коммунальной инфраструктуры и жилищной инспекции города Алматы» (БИН 050440003582, юридический адрес: Республика Казахстан, город Алматы, проспект Достык, 85) в лице руководителя Турсунбаева Шархана Шаймерденовича, действующего на основании Положения о КГУ «Управление коммунальной инфраструктуры и жилищной инспекции города Алматы», утвержденного постановлением Акимата города Алматы № 3/626 от 11 сентября 2025 года (далее – Участник-1); Участник-2 – товарищество с ограниченной ответственностью «ХОЗУ Ритуал» (БИН 200940023677, юридический адрес: Республика Казахстан, город Алматы, 050002, улица Каирбекова, дом 7) в лице директора Аязова Әділета Серікқанұлы, действующего на основании устава (далее – Участник-2). Среднегодовая численность работников Товарищества превышает сто человек. В соответствии с подпунктом 3)

ереженің 8-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес құрылымдық бөлімше нысанында құрылады (бұдан әрі – Комплаенс-қызмет). 1.3. Комплаенс-қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Үлгілік ережені, Серіктестіктің Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады. 1.4. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (бұдан әрі – Комплаенс-қызмет) – Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Серіктестіктің дербес құрылымдық бөлімшесі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – Серіктестіктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция; мүдделер қақтығысы – Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы, аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін қайшылық; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – жасалғаны үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы, кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі; сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу	пункта 8 Типового положения в Товариществе создается антикоррупционная комплаенс-служба в форме самостоятельного структурного подразделения (далее – Служба). 1.3. Служба руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, Типовым положением, Уставом Товарищества и настоящим Положением. 1.4. В настоящем Положении применяются следующие термины и определения: антикоррупционная комплаенс-служба (далее – Служба) – структурное подразделение Товарищества, осуществляющее деятельность по обеспечению соблюдения Товариществом и его работниками законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции; антикоррупционный комплаенс – функция по обеспечению соблюдения Товариществом и его работниками законодательства Республики Казахстан в сфере противодействия коррупции; конфликт интересов – противоречие между личными интересами должностных лиц и работников Товарищества и их должностными полномочиями, при котором личные интересы указанных лиц могут привести к неисполнению и (или) ненадлежащему исполнению ими своих должностных обязанностей; коррупционное правонарушение – имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена административная или уголовная ответственность; коррупционный риск – возможность возникновения причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений; предупреждение коррупции – деятельность субъектов противодействия коррупции по изучению, выявлению, ограничению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, путем

арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметі. 1.5. Осы Ереже Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және жұмыскерлердің назарына жеткізіледі. 1.6. Комплаенс-қызмет басшысы туралы мәліметтер, оның ішінде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), фотосуреті және байланыс деректері Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.	разработки и внедрения системы превентивных мер; противодействие коррупции – деятельность должностных лиц и работников Товарищества в пределах своих полномочий по предупреждению коррупции, в том числе по формированию антикоррупционной культуры, выявлению и устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений. 1.5. Настоящее Положение размещается на официальном интернет-ресурсе Товарищества и доводится до сведения работников. 1.6. Сведения о руководителе Службы, включая фамилию, имя, отчество (при его наличии), фотографию и контактные данные, размещаются на официальном интернет-ресурсе Товарищества.

2. КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	**2. ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ СЛУЖБЫ**
2.1. Комплаенс-қызмет бір штат бірлігінен – Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітетін Комплаенс-қызмет басшысынан тұрады. Комплаенс-қызмет басшысын Серіктестіктің Байқау кеңесі тағайындайды, ол оның өкілеттіктерінің мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын айқындайды (Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 58-1-бабының 2-тармағы). 2.2. Комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оған сатып алумен, қаржымен, бухгалтерлік есеппен, кадрлық және шарттық жұмыспен, мүлікті басқарумен, ішкі аудитпен, қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, сондай-ақ Комплаенс-қызмет тарапынан мониторинг жүргізілуге жататын процестерді құқықтық сүйемелдеумен байланысты функциялар жүктелмейді.	2.1. Служба состоит из одной штатной единицы – руководителя Службы, утверждаемого Наблюдательным советом Товарищества. Руководитель Службы назначается Наблюдательным советом Товарищества, который определяет срок его полномочий, размер должностного оклада и условия вознаграждения (пункт 2 статьи 58-1 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью»). 2.2. В целях обеспечения независимости Службы на нее не возлагаются функции, связанные с закупками, финансами, бухгалтерским учетом, кадровой и договорной работой, управлением имуществом, внутренним аудитом, обеспечением безопасности, а также правовым сопровождением процессов, подлежащих мониторингу со стороны Службы. 2.3. Служба осуществляет свои функции независимо от исполнительного органа,

2.3. Комплаенс-қызмет өз функцияларын Серіктестіктің атқарушы органына, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне тәуелсіз жүзеге асырады, Серіктестіктің Байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. 2.4. **Комплаенс-қызметтің басшысы** Серіктестіктің атқарушы органының және Байқау кеңесінің құрамына кіре алмайды. Комплаенс-қызметтің құзыретіне жататын мәселелерді қарау кезінде **Комплаенс-қызметтің басшысы** көрсетілген органдардың отырыстарына дауыс беру құқығынсыз қатысады. 2.5. **Комплаенс-қызметтің басшысы** уәкілетті органдар және комплаенс саласындағы кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін үнемі арттыруы қажет. 2.6. **Комплаенс-қызмет басшысының** функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітетін **лауазымдық нұсқаулықпен** айқындалады. 2.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабарлау үшін хабарлау арнасы – сенім телефоны құрылған.	должностных лиц и работников Товарищества и подотчетна Наблюдательному совету Товарищества. 2.4. Руководитель Службы не может входить в состав исполнительного органа и Наблюдательного совета Товарищества. При рассмотрении вопросов, относящихся к компетенции Службы, руководитель Службы участвует в заседаниях указанных органов без права голоса. 2.5. Руководителю Службы необходимо постоянно повышать профессиональную квалификацию путем участия в обучающих мероприятиях, проводимых уполномоченными органами и профессиональными организациями в области комплаенс. 2.6. Функциональные обязанности, права и ответственность руководителя Службы определяются должностной инструкцией, утверждаемой Наблюдательным советом Товарищества. 2.7. Для информирования о фактах или возможных нарушениях антикоррупционного законодательства создан канал информирования – телефон доверия.

3. КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕРІ	**3. ЗАДАЧИ, ФУНКЦИИ И ПОЛНОМОЧИЯ СЛУЖБЫ**
3.1. Комплаенс-қызметтің негізгі міндеттері: 1) Серіктестік пен оның жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету; 2) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүйесін тиімді іске асыру; 3) Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік	3.1. Основными задачами Службы являются: 1) обеспечение внедрения инструментов предупреждения коррупционных правонарушений Товариществом и его работниками; 2) эффективная реализация системы мер по противодействию коррупции в Товариществе; 3) обеспечение проведения в Товариществе внутреннего анализа коррупционных рисков; 4) обеспечение соблюдения внешних регуляторных требований и наилучшей

талаптардың және озық халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету; 5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету. 3.2. Комплаенс-қызмет мынадай функцияларды орындайды: 1) Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өңдеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады; 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органның және Серіктестіктің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Серіктестіктің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауға қатысады; 4) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды төмендету мен жою бойынша қабылданып жатқан шараларға мониторинг жүргізеді; 5) Серіктестікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізеді; 6) Серіктестіктің жұмыскерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады; 7) Серіктестік жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді; 8) Серіктестіктің ұжымында жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі; 9) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның орындалуына мониторинг жүргізеді; 10) мүдделер қақтығысын анықтау, оған мониторинг жүргізу және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды (2027 жылғы 1 қаңтарға дейін осы редакцияда	международной практики по вопросам противодействия коррупции; 5) обеспечение соблюдения основных принципов противодействия коррупции в соответствии с Законом. 3.2. Служба выполняет следующие функции: 1) осуществляет сбор, обработку, обобщение, анализ и оценку информации, касающейся эффективности антикоррупционной политики в Товариществе; 2) координирует проведение внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности Товарищества в соответствии с законодательством Республики Казахстан; 3) участвует во внешнем анализе коррупционных рисков в деятельности Товарищества, проводимом по совместному решению первых руководителей уполномоченного органа по антикоррупционной политике и Товарищества; 4) осуществляет мониторинг выявленных коррупционных рисков и принимаемых мер по их снижению и устранению; 5) проводит разъяснительные мероприятия по вопросам противодействия коррупции и формированию антикоррупционной культуры в Товариществе; 6) организует антикоррупционные обучающие семинары для работников Товарищества; 7) обеспечивает контроль за соблюдением работниками Товарищества политики противодействия коррупции; 8) содействует формированию культуры взаимоотношений, соответствующей общепринятым морально-этическим нормам в коллективе Товарищества; 9) разрабатывает и проводит мониторинг исполнения структурными подразделениями Товарищества внутреннего плана мероприятий по вопросам противодействия коррупции; 10) принимает меры по выявлению, мониторингу и урегулированию конфликта интересов (до 1 января 2027 года действует в настоящей редакции; с 1 января 2027 года — в редакции: «принимает в пределах компетенции меры по выявлению,

қолданылады; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай редакцияда: «Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өз құзыреті шегінде мүдделер қақтығысын анықтау, болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды»);	предотвращению и урегулированию конфликта интересов в случаях и порядке, предусмотренных законодательством Республики Казахстан»);
11) ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы туралы жазбаша сұрау салуларды, хабарламаларды және келіп түскен өзге де ақпаратты қарайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы қорытынды шығарады;	11) рассматривает письменные запросы, уведомления и иную поступившую информацию о наличии потенциального или реального конфликта интересов и выносит заключение о наличии либо отсутствии конфликта интересов в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан;
12) ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысы болған жағдайда оны реттеу жөніндегі ұсынымдары бар қорытындыны тиісті шараларды қабылдауға өкілеттігі бар тұлғаға мүдделер қақтығысы туындаған тұлғаны, оның тікелей басшысын және (немесе) өзге де мүдделі тұлғаларды бір мезгілде хабардар ете отырып ұсынады;	12) в случае наличия потенциального или реального конфликта интересов представляет заключение с рекомендациями по его урегулированию лицу, имеющему полномочия по принятию соответствующих мер, с одновременным уведомлением лица, у которого возник конфликт интересов, его непосредственного руководителя и (или) иных заинтересованных лиц;
13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шаралардың орындалуына мониторинг жүргізеді;	13) осуществляет мониторинг исполнения мер по предотвращению и урегулированию конфликта интересов, принятых в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
14) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу мәселелерін регламенттейтін құқықтық актілердің ережелерін түсіндіреді;	14) разъясняет положения правовых актов, регламентирующих вопросы предотвращения и урегулирования конфликта интересов;
15) контрагенттердің сенімділігіне кешенді тексеру жүргізеді;	15) осуществляет комплексную проверку благонадежности контрагентов;
16) Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және (немесе) оларға қатысады;	16) проводит служебные проверки на основе обращений (жалоб) о фактах коррупции в Товариществе и (или) участвует в них;
17) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы өзгерістерге және Серіктестіктегі сыбайлас жемқорлықпен байланысты істер бойынша сот практикасына мониторинг және талдау жүргізеді;	17) проводит мониторинг и анализ изменений в антикоррупционном законодательстве Республики Казахстан, судебной практики по делам, связанным с коррупцией в Товариществе;
18) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;	18) проводит оценку эффективности реализации антикоррупционных мер структурными подразделениями и работниками Товарищества;
19) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және ішкі процестердің тиімділігін арттыру жөніндегі міндетті	19) вносит обязательные к рассмотрению рекомендации по устранению выявленных коррупционных рисков и повышению эффективности внутренних процессов директору Товарищества и структурным подразделениям, к компетенции которых относится соответствующий вопрос;

түрде қаралуға жататын ұсынымдарды Серіктестіктің директорына және тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге енгізеді; 20) Серіктестік қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын туғызбаса, комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму мәселелерімен байланысты функцияларды жүзеге асырады; 21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен, мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды. 3.3. Комплаенс-қызмет Серіктестік жұмыскерлерінің – басқару функцияларын жүзеге асыратын адамдардың (мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың) мынадай шектеулер мен талаптардың сақталуына мониторинг жүргізеді: 1) аталған жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы; 2) аталған жұмыскерлердің Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын сақтауы; 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі талаптарының сақталуы; 4) Заңның 14-бабында көрсетілген жағдайларда аталған жұмыскерлердің жақын туыстарымен, жұбайларымен, жекжаттарымен және (немесе) олармен байланысты басқа да адамдармен бірге жұмыс істеуіне тыйым салудың сақталуы; 5) аталған жұмыскерлердің жеке мүдделері болған кезде шешімдерді қарауға, талқылауға, дайындауға немесе қабылдауға қатысуына не шешімдерге өзге тәсілмен ықпал етуіне, сондай-ақ Заңның 15-3-бабының 4-тармағы екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыруына тыйым салуды сақтауы; 6) аталған жұмыскерлердің өзі лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйымда не	20) в зависимости от специфики деятельности Товарищества осуществляет функции, связанные с вопросами комплаенса, деловой этики, устойчивого развития, если такие функции не влияют на независимость и не создают конфликт интересов; 21) взаимодействует с уполномоченным органом по антикоррупционной политике, государственными органами, субъектами квазигосударственного сектора, общественными объединениями, а также иными физическими и юридическими лицами. 3.3. Служба осуществляет мониторинг соблюдения следующих ограничений и требований работниками Товарищества – лицами, исполняющими управленческие функции (лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций): 1) принятие антикоррупционных ограничений указанными работниками; 2) соблюдение указанными работниками мер финансового контроля, установленных Законом; 3) соблюдение требований законодательства Республики Казахстан по предотвращению и урегулированию конфликта интересов; 4) соблюдение запрета на совместную работу указанных работников с близкими родственниками, супругами, свойственниками и (или) другими связанными с ними лицами в случаях, указанных в статье 14 Закона; 5) соблюдение указанными работниками запрета на участие в рассмотрении, обсуждении, подготовке или принятии решений либо иным способом оказывать воздействие на решения при наличии личных интересов, а также на осуществление должностных полномочий при наличии конфликта интересов, за исключением случаев, предусмотренных частью второй пункта 4 статьи 15-3 Закона; 6) соблюдение указанными работниками запрета на представительство по делам третьих лиц в организации, в которой лицо осуществляет должностные полномочия, либо в подконтрольных ей организациях;

оған бақылаудағы ұйымдарда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкілдік етуіне тыйым салуды сақтауы; 7) аталған жұмыскерлердің атқарып отырған немесе бұрын атқарған лауазымының артықшылықтарын жеке мүдделерінде пайдалануына тыйым салуды сақтауы; 8) қызметтік өкілеттіктерге кіретін әрекеттер үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар, көрсетілетін қызметтер алуға және (немесе) беруге тыйым салудың сақталуы; 9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе иемдену мақсатында қызметтік және ресми таратылуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдалануға тыйым салудың сақталуы; 10) аталған жұмыскерлердің құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге, оның ішінде интернет-ресурстар желілерін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуына тыйым салуды сақтауы; 11) бұрын мемлекеттік қызметте лауазым атқарған адамдарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және жұмысқа орналастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуы. 3.4. Комплаенс-қызмет өз құзыреті шегінде: 1) өкілеттіктерді орындау үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды, мәліметтер мен материалдарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтындарын сұратады және алады; 2) Серіктестіктің цифрлық жүйелері мен дерекқорларына қол жеткізеді; 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша тексеру іс-шараларын, қызметтік тексерулерді және қызметтік тергеп-тексерулерді жүргізуге қатысады; 4) қызметтік тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан тұлғадан, сондай-ақ қызметтік	7) соблюдение указанными работниками запрета на использование преимуществ занимаемой или ранее занимаемой должности в личных интересах; 8) соблюдение запрета на получение и (или) передачу материального вознаграждения, подарков, услуг за действия, входящие в служебные полномочия; 9) соблюдение запрета на использование служебной и иной информации, не подлежащей официальному распространению, в целях получения или извлечения имущественных и неимущественных благ и преимуществ; 10) соблюдение указанными работниками запрета на участие в азартных играх и (или) пари, в том числе проводимых посредством использования сетей интернет-ресурсов; 11) соблюдение ограничений и запретов, установленных законодательством Республики Казахстан при приеме на работу, заключении трудового договора и трудоустройстве лиц, ранее занимавших должности на государственной службе, а также лиц, совершивших коррупционные преступления или административные коррупционные правонарушения. 3.4. Служба в пределах компетенции: 1) запрашивает и получает информацию, документы, сведения и материалы, в том числе составляющие коммерческую тайну, необходимые для выполнения полномочий; 2) получает доступ к цифровым системам и базам данных Товарищества; 3) участвует в проведении проверочных мероприятий, служебных проверок и служебных расследований по вопросам противодействия коррупции в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Товарищества; 4) получает письменные объяснения от лица, в отношении которого проводится служебное расследование, а также от других лиц в рамках служебного расследования; 5) заслушивает информацию структурных подразделений и работников Товарищества по вопросам противодействия коррупции; 6) обращается в Наблюдательный совет Товарищества в случаях воспрепятствования деятельности Службы,

тергеп-тексеру шеңберінде басқа тұлғалардан жазбаша түсініктемелер алады; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің ақпаратын тыңдайды; 6) Комплаенс-қызметтің қызметіне кедергі келтірілген, ақпаратқа қол жеткізу негізсіз шектелген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі шаралар қабылданбаған не мүдделер қақтығысы болған жағдайда Серіктестіктің Байқау кеңесіне жүгінеді; 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді; 8) жеке мүдделер туралы декларацияларды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынған өзге де ақпаратты зерделеу арқылы мүдделер қақтығысын анықтауды жүзеге асырады.	необоснованного ограничения доступа к информации, непринятия мер по устранению коррупционных рисков либо наличия конфликта интересов; 7) обращается в уполномоченные государственные органы в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан; 8) осуществляет выявление конфликта интересов путем анализа деклараций о личных интересах, проведения антикоррупционного мониторинга или анализа коррупционных рисков, а также изучения иной информации, полученной в соответствии с законами Республики Казахстан.

4. КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	**4. ПОРЯДОК РАБОТЫ СЛУЖБЫ**
4.1. Комплаенс-қызметтің қызметі Серіктестіктің Байқау кеңесі, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда Серіктестіктің директоры бекітетін жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады. 4.2. 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін жұмыс жоспары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің сақталуына мониторинг жүргізу, оқыту жүргізу, ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі іс-шараларды қамтиды. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс жоспарына мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі іс-шаралар да қосымша енгізіледі. 4.3. 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін Комплаенс-қызметтің ұсынымдары Серіктестіктің директорына немесе тиісті	4.1. Деятельность Службы осуществляется на основании годового плана работы, утверждаемого Наблюдательным советом Товарищества. 4.2. До 1 января 2027 года план работы включает мероприятия по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков, мониторингу соблюдения антикоррупционных ограничений, проведению обучения, мониторингу исполнения рекомендаций и взаимодействию с уполномоченным органом по антикоррупционной политике. С 1 января 2027 года план работы дополнительно включает мероприятия по выявлению и урегулированию конфликта интересов. 4.3. До 1 января 2027 года рекомендации Службы направляются директору Товарищества или структурным подразделениям, к компетенции которых относится соответствующий вопрос, и

мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде міндетті түрде қаралуға жатады. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Комплаенс-қызметтің ұсынымдары мен қорытындылары, оның ішінде ықтимал немесе нақты мүдделер қақтығысының болуы не болмауы туралы қорытындылар, Серіктестіктің директорына, тиісті шараларды қабылдауға өкілеттігі бар тұлғаға немесе тиісті мәселе құзыретіне жататын құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті түрде қаралуға жатады. 4.4. Ұсынымдарды (2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қорытындыларды да) қарау нәтижелері бойынша Серіктестіктің директоры, тиісті шараларды қабылдауға өкілеттігі бар тұлға немесе құрылымдық бөлімшелер Комплаенс-қызметті қабылданған шаралар туралы хабардар етеді не оларды орындаудың мүмкін еместігіне уәжді негіздеме ұсынады. 4.5. Комплаенс-қызмет есептілікті мынадай тәртіппен ұсынады: 1) жылына кемінде бір рет – Серіктестіктің Байқау кеңесіне анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бұзылуы және оларды жою жөніндегі шаралар, мүдделер қақтығысының болуы және оны болғызбау мен реттеу жөніндегі шаралар туралы мәліметтерді қамтитын қызмет туралы есеп; 2) тоқсан сайын – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі уәкілетті органға Серіктестікте қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы ақпарат, ал оның сұрау салуы бойынша – қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат; 3) Серіктестіктің директорына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу субъектісінің бірінші басшысы ретінде – анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат жарты	подлежат обязательному рассмотрению в срок, установленный внутренними документами Товарищества. С 1 января 2027 года рекомендации и заключения Службы, включая заключения о наличии либо отсутствии потенциального или реального конфликта интересов, направляются директору Товарищества, лицу, имеющему полномочия по принятию соответствующих мер, или структурным подразделениям, к компетенции которых относится соответствующий вопрос, и подлежат обязательному рассмотрению в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Товарищества. 4.4. По итогам рассмотрения рекомендаций (с 1 января 2027 года также заключений) директор Товарищества, лицо, имеющее полномочия по принятию соответствующих мер, либо соответствующее структурное подразделение информирует Службу о принятых мерах либо представляет мотивированное обоснование невозможности их исполнения. 4.5. Служба представляет отчетность в следующем порядке: 1) не реже одного раза в год – Наблюдательному совету Товарищества отчет о деятельности, содержащий сведения о выявленных коррупционных рисках, нарушениях антикоррупционных ограничений и мерах по их устранению, случаях конфликта интересов и мерах по его предотвращению и урегулированию; 2) ежеквартально – в уполномоченный орган по антикоррупционной политике информацию о принятых антикоррупционных мерах в Товариществе, а по его запросу – дополнительную информацию; 3) директору Товарищества как первому руководителю субъекта внутреннего анализа коррупционных рисков – информацию о выявленных коррупционных рисках и ходе исполнения плана мероприятий раз в полугодие, до 15 января и 15 июля; 4) обеспечивает размещение на официальном интернет-ресурсе Товарищества информации об исполнении

жылда бір рет, 15 қаңтарға және 15 шілдеге дейін; 4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында 6 айда кемінде бір рет орналастыруды қамтамасыз етеді. 4.6. Серіктестік Комплаенс-қызметке қажетті ақпарат пен құжаттарға, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат пен құжаттарға, ақпараттық жүйелер мен дерекқорларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оның өкілеттіктерін орындау үшін жеткілікті кадрлық, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстар береді. 4.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысына кедергі келтіруге, ақпаратқа қол жеткізуді негізсіз шектеуге, сондай-ақ оның **басшысына** өкілеттіктерін орындау кезінде ықпал етуге жол берілмейді. 4.8. Комплаенс-қызметке келіп түскен құжаттар, өтініштер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптары сақтала отырып қаралады. 4.9. **Комплаенс-қызметтің басшысы** өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.	рекомендаций, внесенных по итогам внутреннего анализа коррупционных рисков, по форме согласно приложению 3 к Типовым правилам проведения внутреннего анализа коррупционных рисков – не реже одного раза в 6 месяцев. 4.6. Товарищество обеспечивает Службе доступ к необходимой информации и документам, в том числе составляющим коммерческую тайну, а также к цифровым системам и базам данных Товарищества. 4.7. Воспрепятствование деятельности Службы, необоснованное ограничение доступа к информации, а также воздействие на ее руководителя при исполнении им полномочий не допускаются. 4.8. Документы, обращения и сведения, поступившие в Службу, рассматриваются с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных, коммерческой и иной охраняемой законом тайны. 4.9. Руководитель Службы несет ответственность за ненадлежащее исполнение своих обязанностей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	**5. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ**
5.1. Осы Ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Серіктестіктің Байқау кеңесімен бекітіледі және бекітілген күнінен бастап күшіне енеді. 5.2. Осы Ереженің 3.2-тармағының 11), 12), 13) және 14) тармақшалары, 3.3-тармағының 5), 6) және 7) тармақшалары және 3.4-тармағының 8) тармақшасы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.	5.1. Настоящее Положение, а также вносимые в него изменения и дополнения утверждаются Наблюдательным советом Товарищества и вступают в силу со дня утверждения. 5.2. Подпункты 11), 12), 13) и 14) пункта 3.2, подпункты 5), 6) и 7) пункта 3.3 и подпункт 8) пункта 3.4 настоящего Положения вводятся в действие с 1 января 2027 года. До

Аталған күнге дейін Қазақстан Республикасының мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу туралы заңнамасының осы Ереже бекітілген күні қолданыстағы редакциясы қолданылады.	указанной даты применяются положения законодательства Республики Казахстан о предотвращении и урегулировании конфликта интересов в редакции, действующей на день утверждения настоящего Положения.